



Қазақстан Республикасының Ішкіісмині Академиясының Ішкіісминінің, ПББ-ның, ПБ-ның, КПБ-ның және ҚАЖ-ның басшы құрамын даярлау факультетіне (N 1 факультет) іріктеу мен қабылдау ережелерін бекіту туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2000 жылғы 12 желтоқсандағы N 691 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 15 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 1363. Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2001 жылғы 7 наурыздағы N 202 бұйрығымен. ~V011462

Ішкі істер органдары басшы кадрларының резервтерін дайындау мақсатында U952707\_

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасының Ішкіісмині Академиясының P990675\_ Ішкіісминінің, ПББ-ның, ПБ-ның, КПБ-ның және ҚАЖ-нің басшы құрамын даярлау факультетіне (N 1 факультет) іріктеу мен қабылдау ережелері бекітілсін.
2. ПББ-ның, ПБ-ның, көліктегі ПБ-ның, Қазақстан Республикасы

Ішкіісминінің қызметтері мен оқу орындарының бастықтары:

- 1) көрсетілген бұйрықты басшылыққа алсын және орындасын;
- 2) Қазақстан Республикасының Ішкіісмині Академиясының Ішкіісминінің, ПББ-ның, ПБ-ның, КПБ-ның және ҚАЖ-нің басшы құрамын даярлау факультетіне (N 1 факультет) оқуға үміткерлерді уақытында және сапалы іріктеуді қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ішкі істер вице-Министрі генерал-майор Б.С. Сәрсековке жүктелсін.

Қазақстан Республикасының  
Ішкі істер министрі -  
Ішкі әскерлер қолбасшысы  
генерал-лейтенант

Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрінің  
2000 жылғы 12 желтоқсандағы  
N 691 бұйрығымен бекітілген

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ІШКІІСМИНИ  
АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ІШКІІСМИНИНІҢ, ПББ-НЫҢ, ПБ-НЫҢ,  
КПБ-НЫҢ ЖӘНЕ ҚАЖ-НІҢ БАСШЫ ҚҰРАМЫН ДАЯРЛАУ  
ФАКУЛЬТЕТІНЕ (N 1 ФАКУЛЬТЕТ) ІРІКТЕУ МЕН  
ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. Жалпы қағидалар

1. Осы Тәртіп Қазақстан Республикасының Ішкіісмині Академиясының Ішкіісминінің, ПББ-нің, ПБ-нің, КПБ-нің және ҚАЖ-дың басшы құрамын даярлау факультетіне (N 1 факультет)\* тыңдаушыларды іріктеу мен қабылдаудың тәртібін белгілейді.

2. Қазақстан Республикасының Ішкіісмині Академиясының N 1 факультеті жоғары заңгерлік білім беру базасында Ішкіісминнің, ПББ-нің, ПБ-нің, КПБ-нің және ҚАЖ-дың басшы құрамының резервін күндізгі оқу бойынша даярлауды жүзеге асырады.

3. Қазақстан Республикасының Ішкіісмині Академиясының N 1 факультетінде күндізгі нысан бойынша оқытудың мерзімі - 2 жыл.

2. Қабылдау шарттары

4. Қазақстан Республикасының Ішкіісмині Академиясының N 1 факультетіне жоғары заңгерлік білімі, басшылық және ұйымдастырушылық жұмыс тәжірибесі бар, жоғары іскерлік қабілетке ие және ар және Ішкіісмин, ПББ-ның, ПБ-ның,

КІБ-ның және ҚАЖ-нің аппараттарында басшы лауазымдарда резервте тұрған және тиісті іріктеу комиссиялары ұсынған аға басшы құрам құрамдағы тұлғалардан жасақталады.

5. Қазақстан Республикасының Ішкіісмині Академиясының N 1 факультетіне 40 жасқа толмаған, ішкі істер органдарындағы практикалық жұмыс өтілі кемінде бес жыл: оның ішінде қалалық (аудандық) ішкі істер органдарының (жеке құрамының саны, әдетте, кемінде 100 адам болатын) бастықтарынан төмен емес лауазымдарда, Ішкіісмин, ПББ, ПБ, көліктегі ПБ қызметтерінің ( басқармаларының) бастықтары мен бастықтың орынбасарлары, дербес бөлімдерінің бастықтары лауазымдарында кемінде 2 жыл жұмыс істейтін аға басшы құрамындағы адамдар қабылданады.

6. Қазақстан Республикасы Ішкіісмині Академиясының N 1 факультетіне оқуға түсуші үміткерлердің жасы мен тиісті лауазымдардағы қызмет өтілі түсу жылының 1 қазанындағы жағдай бойынша есептеледі.

### 3. Үміткерлерді іріктеудің тәртібі

7. Академияның N 1 факультетіне оқуға үміткерлерді іріктеу Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің жыл сайынғы бұйрығымен бекітілетін Қазақстан Республикасының Ішкіісмині Академиясының N 1 факультетін жасақтау жоспарына сәйкес жүргізіледі.

8. Қазақстан Республикасы Ішкіісмині Академиясының N 1 факультетіне түсушілер ішкі істер органдары бастығының атына мәлімдеме жазады. Мәлімдемеде арнайы атағы, тегі, аты мен әкесінің аты, лауазымы, туған жылы мен айы, білімі көрсетіледі.

9. Ішкіісмині қызметтерінің бастықтары, ПББ, ПБ, көліктегі ПБ-ның бастықтары мәлімдемені қарап, үміткерлер қабылдау шарттарына сәйкес келген кезде денсаулық жағдайы бойынша Академиядағы оқуға жарамдылығын анықтау үшін оларды медициналық куәландыруға жібереді.

10. Академиядағы үміткерлерді іріктеу үшін облыстардағы ПББ, ПБ-де, көліктегі ПБ-да ПББ, ПБ, КІБ бастықтарының төрағалық етуімен іріктеу комиссиялары құрылады.

11. Іріктеу комиссиялары осы Ережені, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ПМ Академиясының N 1 факультетін жасақтау жоспарын басшылыққа ала отырып, үміткерлердің құжаттарын мұқият тексеріп, олардың қабылдау шарттарына сәйкестігін анықтап және олардың әрқайсысы бойынша дәйекті тұжырым жасайды.

12. Іріктеу комиссияларының жұмыс қорытындылары хаттамамен ресімделеді.

13. Комиссияларға бір орынға 2-3 үміткерді іріктеп алуға рұқсат етіледі.

14. Академияның N 1 факультетіне оқуға іріктеп алынған адамдарға ПББ, ПБ, КПБ-ның кадр аппараттары түсу жылының 20 маусымына дейін ҚР Ішкіісминінің Кадр және тәрбие жұмыс департаментіне төмендегідей құжаттарды жібереді:

- белгіленген тәртіпте рәсімделген жеке ісі;

оқу ісі: үміткердің мәлімдемесі; соңғы қызмет кезеңдегі аттестациясы; қызметкердің Академияны бітіргеннен кейін тағайындалатын лауазымы көрсетілген оқуға жіберу туралы іріктеу комиссиясы шешімінің көшірмесі; білімі туралы дипломның көшірмесі; N 1 нысандағы анықтама; әскери дәрігерлік комиссияның қорытындысы; кадр аппараты растаған 4 фото сурет (күнделікті формадағы, көлемі 3,5x4,5 бұрышсыз).

15. ПББ-нің, ПБ-нің, КПБ-нің іріктеу комиссиялары іріктеп алған адамдар Қазақстан Республикасы Ішкіісминнің Академиясына, оқуға түсу жылының 15 мамырына дейін 1,5 интервал арқылы көлемі 20-22 м.т.п. лауазымына сәйкес басқару қызметінің ерекшелігін айқындайтын мәселелер бойынша реферат тапсыруы керек. Содан кейін ПМ Академиясы Қазақстан Республикасы ПМ-нің Кадр және тәрбие жұмыс департаментіне рецензиялары бар рефераттарды үміткердің N 1 факультетке оқуға түсу жылының 20 маусымына дейін жібереді.

16. Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің Кадр және тәрбие жұмысы департаменті Академияның N 1 факультетіне оқуға түсуге жасақтаушы органдар ұсынған адамдардың материалдарын қарайды, қолданыстағы заңнаманың, ведомстволық нормативтік актілер, еліміздің ішкі және сыртқы саясаты туралы кешенді сұрақтар кіретін тесттік сынақтан өткізеді және Қазақстан Республикасы Ішкіісмині іріктеу комиссиясына үміткерлерді Академияның N 1 факультетіне тыңдаушылар құрамына қабылдау жөніндегі ұсыныстарды дайындайды.

17. Қазақстан Республикасы Ішкіісмин іріктеу комиссиясы Академияның N 1 факультетіне түсуге ПББ, ПБ, КПБ-нан ұсынылған адамдардың материалдарын қарап, қабылдау шарттарына сәйкес оларды оқуға қабылдау немесе қабылдамау туралы шешім қабылдайды.

18. Оқуға қабылдау немесе қабылдамау жөніндегі комиссия шешімі хаттамамен рәсімделеді және оны ПМ-нің басшылығымен бекітеді.

19. Комиссия шешімі жасақтаушы органдарға түсу жылының 1 қыркүйегіне дейін хабарланады.

20. Ішкіісмин Кадр және тәрбие жұмысы департаменті оқуға қабылдауға ұсынған үміткерлердің материалдарын Қазақстан Республикасы Ішкіісминнің Академиясына түсу жылының 10 қыркүйегіне дейін жібереді.

Оқуға қабылданбаған үміткерлердің жеке істері мен басқа да құжаттары жасақтау органдарына кері қайтарылады.

21. Қазақстан Республикасының Ішкіісмині Академиясының N 1 факультетіне оқуға қабылдау Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің іріктеу комиссиясы шешімінің негізінде Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің Академиясы бастығының бұйрығымен жүзеге асады.

22. Қазақстан Республикасының Ішкіісминінің Академиясы бастығының оқуға қабылдау туралы бұйрығының көшірмесі оған қол қойылғаннан кейін он күннен кешіктірмей үміткерлерді оқуға жіберген жасақтаушы органға жіберіледі.

23. Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің Академиясы бастығының үміткерді оқуға қабылдау туралы бұйрығы оны жасақтау органынан оқу орнына іссапарға жіберуге негіз болып табылады.

24. Қазақстан Республикасының Ішкіісмині Академиясының N 1 факультетінде сабақтың басталуы - 1 қазан.

25. Ішкіісмині Академиясының N 1 факультетіне оқуға қабылданған

адамдарға ағымдағы жыл үшін кезекті демалысы оқуға жіберілгенге дейін толық пайдаланылатындай есеппен ұсынылады.

26. Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің Академиясына оқуға қабылданған, бірақ оқу жылы басталғаннан кейін 10 күн ішінде негізсіз себептермен сабаққа кіріспеген адамдар тыңдаушылар қатарынан шығарылады.

27. ИББ-ның, ИБ-ның, КИБ-ның өтінішімен қызмет бабы қажеттілігіне қарай, Қазақстан Республикасы Ішкіісмин бұйрығымен 6 айдан кем емес күндізгі бөлімде оқыған тыңдаушыларды қызметке қайта шақыртып алуға рұқсат етіледі және олар оқуларын жеке кесте бойынша жалғастырады.

4. Ішкіісминінің Академиясы N 1 факультетінің тыңдаушыларын материалдық қамтамасыз ету

28. Қазақстан Республикасының Ішкіісмині Академиясының тыңдаушыларына оқу уақытында оқуға жіберуге дейін атқарған соңғы негізгі (уақытша атқармаған) штаттық лауазымы бойынша бір айлық ақшалай ұстау жалақысы төленеді.

29. Жатақхана мен тамақтандыру тыңдаушылар есебінен, ал киім-кешекпен қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының Ішкіісмині белгілеген тәртіппен жүргізіледі.

Ішкіісминінің Академиясы N 1 факультетінің  
бітірушілерін бөлу

30. Болашақтағы практикалық қызметіне сәйкес тыңдаушыларды мамандандыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ішкіісмині Кадр және тәрбие жұмысы департаменті Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің басқа да қызметтерімен бірлесе отырып, сынау мерзімінің алдында, жасақтаушы органдардың ұсыныстары мен Ішкіісмині Академиясының тыңдаушыларды олардың дайындығына сәйкес мақсатты қолдану жөнінде кепілдемесі негізінде, N 1 факультет бітірушілерін алдын ала бөлуді жүзеге асырады. Көрсетілген санаттағы бітірушілерді дербес бөлуді Қазақстан Республикасының Ішкіісмині жүзеге асырады.

31. Бітірушілер, әдетте ПББ, ПБ, КПБ бастықтарының орынбасарлары, Ішкіісминінің дербес бөлімдері, басқармалары лауазымдарына немесе Академияның N 1 факультетіне оқуға түскенге дейін атқарған лауазымынан бір саты жоғары лауазымға тағайындалуы тиіс.

Бос орындар болмағанда, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің Академиясын бітіру аттестациясының әлсіз нәтижесінде Академия бітірушілері басқа, бірақ олар Академияға түскенге дейін атқарған лауазымдардан төмен емес лауазымдарға тағайындалуы мүмкін.

32. Оқудың аяқталуына дейін 4 ай мерзім қалғанда N 1 факультет бітірушілерін дербес бөлу хаттамасы Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің басшылығына бекітуге ұсынылады.

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрлігінің  
Кадр және тәрбие жұмысы  
департаменті

Қазақстан Республикасы Ішкіісмині 2000 жылдың 12 желтоқсандағы N 691 "Қазақстан Республикасы Ішкіісмині Академиясының Ішкіісмин, ПББ, ПБ, КПБ, және ҚАЖ басшы құрамын дайындау факультетіне (N 1 факультет) іріктеу және қабылдау ережелерін бекіту туралы" бұйрығына АНЫҚТАМА-НЕГІЗДЕМЕ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылдың 1 маусымындағы N 675 P990675\_ қаулысымен Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Академиясы құрылды. Қазақстан Республикасы Ішкіісмині Академиясының Ішкіісмин, ПББ, ПБ, КПБ және ҚАЖ басшы құрамын дайындау факультетіне (N 1 факультет) іріктеу және қабылдау ережелерін бекіту Ішкіісмин Академиясында ішкі істер органдарының басшы құрамын дайындау факультетін құрумен байланысты.

Әзірленген Ереже Қазақстан Республикасы Ішкіісмині Академиясының Ішкіісмин, ПББ, ПБ, КПБ және ҚАЖ басшы құрамын дайындау факультетіне (N 1 факультет) іріктеу және қабылдау тәртібін белгілейді.

Ереже 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2707 U952707\_ , Заң күшіне ие, Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары туралы" Жарлығына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 27 желтоқсандағы, Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрам адамдарының қызмет өткеруі туралы Ережені бекіткен қаулысына (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 16 мамырдағы N 847 P970847\_ және 2000 жылғы 21 тамыздағы N 2187 P002187\_ қаулыларымен бекітілген, оған енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға) сәйкес әзірленді.

Осы Ереже азаматтардың құқықтарын қозғайды.

Осы жазылғандарды ескере отырып және 1997 жылғы 4 наурыздағы N 3379 Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік реестрі және оларды мемлекеттік тіркеуді ретке келтіру жөніндегі шаралар туралы" U973379\_

Жарлығына сай

осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде міндетті мемлекеттік тіркеуден өтуі қажет.

Қазақстан Республикасы Ішкіісмині  
Штаб-Департаменті бастығының орынбасары,  
Құқықтық қамтамасыз ету және халықаралық  
байланыстар басқармасының бастығы

Мамандар:

Омарбекова А.Т.

Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК